

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МӘҢГІЛІК ЕЛДІКТІҢ КЕПШІ

Бошыбаев Т.Б., Кенесова А.К.,

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Мемлекеттік тіл кез келген мемлекеттің дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Бүгінгі уақытта мемлекеттің мемлекеттік тілі оның жарнамасы іспеттес, бірегей мүмкіндіктерді, дәстүрлерді көрсетеді. Мемлекет азаматтарының мемлекеттік тілге деген құрметі – адамдардың өздерін қаншалықты өздерін осы елдің азаматтары деп есептейді, оның болашағына сенімі қандай, оның патриоттары болып табылады ма екендігінің көрсеткіші.

Жастар арасында патриотизм деңгейі көрсеткіштерінің бірі ретінде Қазақстан жастарының Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілін білу деңгейін, қазақ тілін оқуға ұмтылысы мен себебін анықтау қажет.

Тілді білу саласындағы жағдай тілді еркін меңгергендер арасында – 36,8% (негізінен ауылдар мен ауылдық жерлердегі қазақ ұлтында) сондай-ақ қазақ тілін ауыз екі сөйлеу деңгейінде білетіндер арасында да – 36% шамамен біркелкі.

Қазақ тілін оқумен шұғылданатындар – жастардың шамамен 20% айналысады, олардың көпшілігін орыс және украин ұлттарының өкілдері құрайды (45,8% және 52%), бұлда оң сипатқа ие.

Мемлекеттік тілді білуге ұмтылған респонденттер 62 % құрайды, 15% оның қажеттілігі жоқ деп есептейді және 20% оны оқу қажет болар деп есептейді.

Қазақ тілін білуге ұмтылу мен оқып үйрену туралы сұрақтар арналған жауаптар осындай болды, себептеріне келетін болсақ, қазақ тілін оқып-үйрену себебіне әсер ететін негізгі фактор респонденттердің (63,4%) ойы бойынша туған тілді білудің тікелей борыштық сезімі болып табылады. Бұдан кейін келетін кәсіби және жеке адам ретінде өсу факторы (21,9%) мен жеке басының қызығушылығы (10,4%). Тілді оқып үйренгісі келмейтіндер 2,5%.

Салыстыру үшін 2009 жылғы халық санағының нәтижелері бойынша жас қазақстандықтардың тіл білуін бағалау көрсеткіші келтірілген.

Жастар саясатын іске асырудың негізгі міндеттерінің бірі жас адамдардың адамгершілік және рухани дамуын қалыптастыру, оларды патриоттыққа тәрбиелеу болып табылады. Жастардың өздерінің пікірі бойынша мемлекеттік патриотизммен азаматтылықты дамыту үшін не істей алатындықтары туралы сұрақтарға арналған жауаптар төменде беріліп отыр.

Кесте 1.

«Отанға деген патриотизм сезімін ояту үшін Сіз не істейсіз?»

Жауап нұсқасы	Таңдаулар саны
Мемлекеттік тілді оқып үйренемін	37%
Қазақстан халықтарының тілдерін оқып үйренемін	15,3%
Қазақ халқының салттары мен дәстүрлерін оқып үйренемін	33,2%
Қазақстан тарихын оқып үйренемін	35,8%
Қазақстан Республикасының Конституциясын оқып үйренемін	24,8%
Іс шараларға (спорттық ғылыми техникалық, мәдени және т.б.) қатынасамын	20,1%
Халықаралық іс шараларға (спорттық ғылыми техникалық, мәдени және т.б.) қатынасамын	7,3%
Барлық айтылғандарға	0,7%
Ештеңе істемеймін	11,6%
Жауап беруге қиналамын	0,1%

Жастардың көпшілігі мемлекеттік тілді оқып үйренеді (37%), Қазақстан тарихын (35,8%), Қазақ халқының салттары мен дәстүрлерін (33,2%). Бәрінен бұрын ерекше көңіл аударатын жағдай жастардың мемлекеттік тілге басымдылық бергендігі болып отыр /1; 110/.

Ана тілі – ұлттық жады. Біз тіл арқылы ғана әлемге үн қатамыз. Адам ұрпа-ғымен мың жасайтынын ескерсек, халқымыздың келешегі жарқын болуы үшін, өткен тарихын ардақ тұтатын ұрпақ тәрбиелеу – қазіргі аға буынның міндеті.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Мемлекеттік тіл – ұлттық саясаттың діңгегі болуы тиіс» – деп атап өткендей, Қазақстан өзінің тәуелсіздік туын тіккелі бері, мемлекеттік тілдің елімізде жүйелі түрде дамуына ерекше көңіл бөлініп келеді /2; 21/.

1989 жылдың 22 қыркүйегінде қабылданған заң бойынша қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алды. Мемлекеттік тілдің мәртебесі Ата Заңымызда нақты белгіленген. 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы егеменді мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеде одан әрі дамуына зор мүмкіндіктер берді. Жаңа Конституцияның негізінде және оған сәйкес Қазақстанда жаңа ұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, мемлекеттік тіл мен қазақстанды мекендейтін этностық бірлестіктердің ұлттық тілдерін дамыту мақсатында арнайы жаңа заңдар қабылданып, бағдарламалар жұмыс істей бастады. 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-ші бабында: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп жазылған. Жер бетіндегі мыңдаған тілдердің ішінен санаулысына ғана бұйырған мемлекеттік тіл болу мәртебесіне қазақ тілі де ие болды. Сол кезеңдегі қоғамдағы елеулі қарсылыққа қарамай қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы және оның заңмен бекітілуі шын мәнінде тарихи оқиға еді. Мемлекеттік мәртебе алған қазақ тілінің жай – күйі, оның қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолданылу жолдары түрлі мінбелерден ашық айтыла бастады.

Қазақ тілінің қолдану мен дамытудың жолдары 1997 жылдың 11 шілдесінде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңымен пысықталды. Жаңа заңның талаптары мен қағидалары ескеріліп 1997 жылы Елбасымыз «Тілдерді қолдану мен дамытудың 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» бекітті. Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы «Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заңының алғашқы кезеңдеріндегі негізгі міндеттерінің орындалуында қажетті нақты шараларды қабылдауға мүмкіндік берді. Жаңа қабылдаған тіл туралы заң еліміздің рухани өмірінің жаңа кезеңін бастады. Тіл туралы Заңының қозғаушы тетігі ретінде 1998 жылы ҚР Үкіметінің «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» және 1999 жылы «Тілдер туралы заңдардың сақталуына бақылау жасаудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы» қаулылары мен бірқатар құжаттар қабылданды. Осылай тіл мәселесінің құқықтық негізі қалыптасты, ол жүйе күнделікті толықтырылып, бүгінгі күнге дейін жүйелі түрде даму мүмкіндігіне ие болды. Осы алғашқы кезеңде қоғамдағы тілдік қатынастар аумағында өлшемделген және ұтымды мемлекеттік саясат жүргізілді.

Мемлекет басшысынан бастап барлық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілерден заң бойынша мемлекеттік тілді білу талап етіле бастады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №550 Жарлығына сәйкес барлық мемлекеттік құрылымдар, мекемелер кезең – кезеңімен мемлекеттік тілге көше бастады. 2011–2020 жылдарға арналған жаңа бағдарлама қабылданды. Мемлекет тарапынан саналы түрде бұл жұмыстарға қыруар қаржы бөлініп, қазақ тілін білу талабы күн тәртібінен түспей келеді.

Қытайдың атақты философы Конфуций айтқан екен: «Егер де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім. Себебі тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді (түсіндірілмейді). Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік болмайды. Сондықтан бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды». Қазақ тілінің маңыздылығы

ғын және қолданыс аясын кеңейтуді сонау Алаш зиялыларынан бастап бір ғасырдан бері айтылып, жазылып келеді.

Қоғамда қазақ тіліне деген көзқарас өзгеріп, ата – аналардың сұранысына сай қазақ тіліндегі мектептердің саны да артуда. Бұл үдеріс әлі күнге дейін жалғасып келеді. Дегенмен, әлі де болса, өз бауырларымыздың арасында туған тілімізге немқұрайлы қарайтындар бар. Жаһандану дауылында жұтылып кетпеудің кепілі, өркениетті елдің белгісі – өз тіліңмен өмір сүру. Ел тәуелсіздігін тіл тәуелсіздігімен астастыра қарап, туған тілдің тұғырын биіктету қамы қолға алынғалы да біраз уақыт болып қалды. Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасында»: «Тілді дамыту – Қазақстан Республикасы мемлекеті саясатының аса өзекті бағыттарының бірі», сондай-ақ «Мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек» делінген. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» – деп тұжырымдайды. Ал қазақ халқының тіл келешегі біздің жастарымызда. Бүгінгі күнгі оқушылардың сөз саптауына көңіл аударсақ, көпшілігінің тіл мәдениеті төменгі деңгейде деуге болады. Олар өз ойларын дұрыс, түсінікті етіп жеткізе алмайды, басы артық бос сөздерді көп қолданып, ойын шашыратып жібереді. Кейбірі орысша сөздерді қосып, араластыра сөйлесе, бірі жаргонмен, диалектілермен сөйлегенді сән көреді. Бұл мәселе туралы көптеп айтылып та, жазылып та жатыр. Тіл мәдениеті – сауатты ойлау, сауатты жазу және оны орнымен қолданып, тиісті деңгейде әсерлі етіп жеткізу. Ғалымдар оқушылардың тілінде болатын кемшіліктердің мынандай басты себептерін атап көрсетеді:

1. Ортаның әсері. а) оқушының сөйлеуіне жергілікті тіл немесе басқа тіл әсер етеді, ә) көшенің әсері (дөрекі, былапыт тіл), б) пән тілінің нормаларын жақсы меңгенмеген мұғалімнің әсері.

2. Сөйлеу дағдыларының жоқтығы (мектептің тіл дамытуға немқұрайлы қарауы).

3. Жекеленген оқушы тіліндегі кемшілік (сақаулық, мыңғылдық т.б) – деп көрсетеді.

Тіл мәдениетіне тәрбелеу – қазақ тілін оқытудың, білім мен тәрбие берудің ең маңызды да салмақты мәселесі. Ол арқылы жас өскінді тіл өнеріне баулу, туған тілінің қыры мен сырын терең меңгерту. Жастардың ұлттық танымын, тіл мәдениетін қалыптастыру үшін шәкірт санасында ана тілге, мемлекеттік тілге деген құрмет, ұлттық намыс, рух ояту – басты міндет. Отаншылдық, елшілдік, мемлекетшілдік бәрі – бәрі тілден басталады. Дархан даламыздың дара перзенті Жүсіпбек Аймауытов: «Бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе, өз ұлтына қызмет ете алмайды» деген, шын мәнінде өзге тілде тәрбиеленген баладан не күтеміз? Ойланбай жасалған ағат қадам елімізге, егемендігімізге нұқсан келтіруі мүмкін.

Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғандығына 25 жыл толып отыр. Басқа ұлт түгіл, өз қандастарымыздың ішінде мемлекеттік тілді әлі күнге дейін үйренбеген, үйренгісі келмейтін жастар шаш етекпен. Оған кінәлі «солқылдақ» Заң ғана емес, елімізде өмір сүріп жатқан әрбір азаматтың немқұрайлылығы. Қазақстан азаматтарының өзі тұрып жатқан елдің мемлекеттік тілге деген құрметі мен міндеті айқындалмай отырған секілді. Мемлекеттік тілдің дәрежесі сол елдің азаматтарының дәрежесімен өлшенсе керек. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы № 258 Конституциялық заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны мемлекеттік тілде орындалып, мемлекеттік тілде көрнекі орынға ілінуі тиіс. Алайда осы заңның орындалуы бірдей деп айт алмаймыз. Себебі барлық жерде мемлекеттік тілмен қосарласып орыс тіліндегі нұсқасы ілініп тұр. Орыс тіліндегі нұсқасының болуы бұл азаматтарымыздың әнұранды екі тілде айтуына жол ашады. Халықты шатастырмай осындай келеңсіздіктердің алдын алуымыз үшін заңда көрсетілгендей көрнекі орындарға мемлекеттік тілде ғана ілінуі тиіс.

Қазақтың тілі соншалықты мол. Әркім қазақтың тілімен қандай кітап болса да жазуға болады. Қазақ тілі мұншалықты жатық әм анық болар еді, егер де біздің қазақтар аңғарып, бөтен тіл араластырмастан ілгері бастырып сөйлесе. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады, өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Мемлекеттік тіл бар жерде мәңгілік ел түсінігі де ешқашан жоғалмайды деп түсінуіміз керек.

Қазақстан жастарына ой санасына азаматтылық пен патриотизмді қалыптастыру өзекті мәселе. Қазіргі заманғы патриотизм адамдардың күнделікті жеке өзара қарым-қатынасынан тәжірбиелік қызмет саласынан да көрінеді. Мемлекеттік тіл жастарға патриоттық тәрбие берудің бірден – бір пәрпенді құралы болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Рыстина И.С. Жастардың саяси мәдениеті Қазақстандағы азаматтық қоғамды қалыптастырудың факторы ретінде. – Астана, 2013. – 110 б.
- 2 Назарбаев Н. Барлық қазақстандықтардың өсіп – өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатын арттыру «Қазақстан–2030». 1997. – 21 б.
- 3 Бәкір Ә. Қазақ тілінің айдарынан қашан, қайтсе жел еседі //Ақиқат журналы. – 2013. – №7. – 53 б.
- 4 Ахметов М. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің кепілі!» // Жалын журналы. – 2014. – №4.

ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ

Глуценко Е.В.,

Рудненский индустриальный институт, г. Рудный, Республика Казахстан

Патриотическое воспитание студенческой молодежи в современных условиях приобретает особую актуальность и значимость. Оно предусматривает формирование и развитие социально значимых ценностей и гражданственности в процессе обучения и воспитания в высших учебных заведениях. Приоритетными направлениями патриотического воспитания являются возрождение у граждан Республики Казахстан традиционного чувства гражданской гордости, дружбы, веротерпимости, уважения к другим народам и формирование готовности к созиданию на благо Отечества, к его защите.

Построение системы воспитания казахстанского патриотизма возможно лишь после четкого определения этого понятия, раскрытия его сущности, структуры его построения, новых подходов в его формировании.

Прежде всего, термин «патриотизм» из «Толкового словаря живого великорусского языка» Владимира Даля: «(от греч. patriotes – соотечественник, patris – родина, отечество) – это преданность и любовь к своему отечеству, к своему народу; привязанность к месту своего рождения, месту жительства» /1; 256/.

Патриотизм – это еще и гражданственность, то есть гражданская позиция человека. Человек по достижении возраста, установленного законом, становится гражданином. А это значит, что он обретает принадлежность к политике и правовым нормам государства. Созидание и развитие гражданского общества зависит от патриотического воспитания граждан, составной частью которого является подготовка молодого поколения к активному участию в формировании и продвижении в жизнь политики государства, к участию в законотворчестве и осуществлению жизнедеятельности по действующим законам.

Благополучие общества, как известно, во многом зависит от молодого поколения, готового защитить от невзгод свою Родину – землю своих отцов и тех, кто на ней живет. От патриотизма граждан государства, развития и роста гражданского самосознания зависит настоящее и будущее страны.

Нет сомнения в том, что патриотизм является духовным достоянием человека. Такие качества как любовь к стране, в которой ты родился, осознание того, что ты связан какими-то корнями с чем-то глубинным, осознание принадлежности и уважения к нравственной и духовной культуре страны и так далее составляют духовно-нравственную основу личности.

Вместе с тем, патриотизм – чувство не врожденное, оно воспитывается и приобретает в процессе многогранной жизнедеятельности человека. Система образования должна сделать все возможное для воспитания экономической культуры граждан–патриотов, имеющих каче-